

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 13 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25954 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес және Атбасар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 07 желтоқсандағы № 01-28-462 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округінің Титовка ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8003 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Полтавка ауылдық
округінің әкімі*

Л.Кожаметова